

5 миллионнан астам қазақстандық «Стоп-кредитті» іске қосты: сервис алаяқтық қарыздардан қорғауға қалай көмектеседі

Кейде адамдар кредит туралы оны ресімдеу кезінде емес, берешек туралы хабарламалар келе бастаған кезде біледі. Мұндай жағдайларда қарызды ресімдеу туралы олардың білмейтіні анықталады. Себептер әр түрлі болуы мүмкін: жоғалған құжаттар, дербес деректердің жария болуы, бұзылған аккаунт немесе жеке ақпаратқа қол жеткізген алаяқтармен сөйлесу.

Азаматтарды осындай жағдайлардан қорғау үшін Қазақстанда өз атына қарыздарды ресімдеуге алдын ала тыйым салуға мүмкіндік беретін арнайы қорғау тетігі – «Стоп-кредит» сервисі енгізілді. «Бірінші кредиттік бюро» АҚ деректері бойынша, бүгінгі күні 5,1 млн азамат банктік кредиттер мен микроқарыздарды ресімдеуден ерікті түрде тыйым салуға өтінім бере отырып, осы мүмкіндікті өз бетінше пайдаланды.

Мынадай жағдайды елестетіп көріңіз: адам жұмысқа орналасу, пәтер жалдау немесе акцияға қатысу үшін жеке куәліктің көшірмесін тапсырды, ал біраз уақыттан кейін оның атына кредит ресімдеу әрекеті туралы хабарлама алады. Басқа сценарий болуы мүмкін, алаяқтар қоңырау шалып, өздерін банк қызметкерлері деп таныстырады, «күдікті операциямен» қорқытады және әрекеттерді шұғыл түрде растауға сендіреді, содан кейін олар алынған деректерді кредиттік өтінім беру үшін пайдаланады.

Дәл осындай жағдайларда «Стоп-кредит» сервисі қосымша қорғау құралы бола алады. Егер дербес деректер алаяқтардың қолына түссе немесе адамға қысым көрсетуге тырысса да, егер ерікті тыйым салынған болса, жүйе оның атына жаңа кредит немесе микроқарыз алуға мүмкіндік бермейді.

«Стоп-кредит» дегеніміз не

«Стоп-кредит» – бұл банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартудың мемлекеттік қызметі. Ол азаматқа өз атына жаңа кредиттер беруге өз бетінше тыйым салуға мүмкіндік береді. Сервис eGov.kz порталында және eGov Mobile қосымшасында қолжетімді. Шектеу мерзімсіз әрекет етеді және оны тек деректер иесінің өзі алып тастайды.

Сервистің басты құндылығы – ол салдарды жоймайды, проблеманы алдын ала болдырмауға көмектеседі. Кредитті алаяқтар жасағанын дәлелдеудің орнына, адам оны өз атына алу мүмкіндігін алдын ала болдырмайды.

Тетік қалай жұмыс істейді

Қызметті қосқаннан кейін ерікті бас тарту туралы ақпарат кредиттік тарихта көрсетіледі және қарыз алушыны тексеру кезінде қаржы ұйымдары үшін көрінетін болады. Егер тыйым салынған болса, кредитке өтінім автоматты түрде қабылданбауы тиіс.

Бұл сервис тек классикалық кредиттік алаяқтықтан ғана емес, сонымен қатар адам қысым арқылы қарыз алуға мәжбүр болған жағдайлардан, мысалы, «қауіпсіздікті тексеру», «ақшаны құтқару» немесе «уақытша көмек» деген атпен қорғайды дегенді білдіреді.

«Стоп-кредитті» қалай қосу керек

Қызметті бірнеше минут ішінде қосуға болады. eGov Mobile арқылы немесе eGov.kz порталында авторизацияланып, «Банктік қарыздарды, микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тарту» қызметін таңдап, өтінімді толтырып, оған ЭЦҚ көмегімен қол қою қажет. Нәтижесі жеке кабинетте көрсетіледі. Қажет болған жағдайда тыйым салуды электрондық қолтаңбамен растай отырып, сол бөлімнен алып тастауға болады.

Азаматтарды қорғауды күшейтетін маңызды норма

2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап Қазақстанда маңызды түзету қолданылады: егер алаяқтық кредит ерікті бас тарту кезеңінде ресімделген болса, банк немесе МҚҰ мұндай берешекті есептен шығаруға міндетті. Басқаша айтқанда, егер қаржы ұйымы қолданыстағы тыйым салуды елемесе, ол үшін жауапкершілік азаматқа емес, кредиторға жүктеледі.

Бұл сервисті формальды шектеу ғана емес, құқықтық және қаржылық қорғаудың толыққанды құралына айналдырады.

Назар аударыңыз! Алаяқтар азаматтарды алдау үшін сол сервистің тақырыбын пайдалануда

«Стоп-кредиттің» танымалдығы жаңа схемалардың пайда болуына да алып келді. Алаяқтар азаматтарға банктің немесе «қауіпсіздік қызметінің» атынан қоңырау шалып, олардың атына кредиттік өтінім берілгенін хабарлайды, содан кейін шұғыл түрде қорғауды қосуды ұсынады және сілтеме жібереді. Шын мәнінде, мұндай сілтемелер фишингтік беттерге әкелуі мүмкін, онда жәбірленушілер дербес деректерді, деректемелерді және құрылғыға қолжетімділікті жинайды.

БЛУ МАҢЫЗДЫ! Сервисті тек қана eGov.kz ресми порталы және eGov Mobile қосымшасы арқылы қосуға немесе өшіруге болады. Бірде-бір банк осы қызметті белсендіру үшін бөгде сілтемелерді жібермейді.

ЭЦҚ туралы бірнеше сөз

Сервисті қосу электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалануды талап ететіндіктен, оның қауіпсіздігіне мұқият қарау керек. ЭЦҚ-ны үшінші тұлғаларға бермеңіз, қолтаңба файлдарын мессенджерлер арқылы жібермеңіз, стандартты құпия сөзді өзгертіңіз және кілттерді тек қауіпсіз құрылғыда сақтаңыз. Егер ЭЦҚ-ға бөгде адам қол жеткізуі мүмкін деген күдік болса, сертификаттарды мүмкіндігінше тезірек қайта шығару керек.

Іс жүзінде адамдар құжатты жоғалтқанда, аккаунтты бұзғанда немесе қарызды ресімдеу әрекеті туралы хабарламалар түскен жағымсыз жағдайлардан кейін дербес деректерді қорғау туралы жиі ойланады. Бұл ретте «Стоп-кредит» сервисі дәл осындай тәуекелдерді төмендету үшін жасалған.

Сервисті қосу бірнеше минутты алады, қаржы шығындарын қажет етпейді және бұл ретте елеулі қаржы шығындарын, ұзақ талқылауларды және артық стресті болдырмауға көмектеседі. Бұл қарапайым құрал, ол деректер иесін хабардар етпей кредиттер мен микроқарыздарды ресімдеу мүмкіндігін алдын ала шектеуге мүмкіндік береді.

Өзіңізді, ақшаңызды сақтаңыз және қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!

Материал www.fingramota.kz сайтының көмегімен дайындалды.